

Мәртөк ауданы әкімінің 2014 жылғы 31 қаңтардағы № 2 "Мәртөк ауданы аумағында сайлау учаскелерін құру туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы әкімінің 2017 жылғы 23 ақпандағы № 1 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 30 наурызда № 5372 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33, 37 баптарына, "Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Аққұдық ауылдық округінің Веренка ауылын Достық ауылы деп қайта атау туралы" бірлескен Ақтөбе облыстық мәслихатының 2016 жылғы 12 желтоқсандағы № 89 шешімі мен Ақтөбе облысының әкімдігінің 2016 жылғы 12 желтоқсандағы № 516 қаулысына (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5227 болып тіркелген) және "Мәртөк ауданының Казанка селосын - Қазан ауылы деп қайта атау туралы" бірлескен Ақтөбе облысының әкімдігінің 2007 жылғы 11 шілдедегі № 207 қаулысымен Ақтөбе облысының мәслихатының 2007 жылғы 11 шілдедегі № 385 шешіміне (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3216 болып тіркелген) сәйкес, Мәртөк ауданының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мәртөк ауданы әкімінің 2014 жылғы 31 қаңтардағы № 2 "Мәртөк ауданы аумағында сайлау учаскелерін құру туралы" (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3776 болып енгізілген, 2014 жылғы 27 ақпанда аудандық "Мәртөк тынысы" газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің орыс тіліндегі қосымшасының "Избирательный участок № 270" жолында "Казанка" сөзі "Казан" сөзімен ауыстырылсын;

көрсетілген шешімнің қосымшасының "№ 279 сайлау учаскесі" жолында "Веренка" сөзі "Достық" сөзімен ауыстырылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Мәртөк ауданы әкімі аппаратының басшысы Т. Көлкебаевқа жүктелсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Н. Қалауов